


# ИРАН ЖӘНЕ “АМЕРИКАНДЫҚ ДЕМОКРАТИЗАЦИЯНЫҢ” ҚАУПІ



**Иран Ислам  
Республикасының  
Тәуелсіздік күні  
мейрамы  
қарсаңында  
редакция  
танымал  
шығыстанушы-  
иранист Сафар  
АБДУЛЛОДАН  
Ирандағы соңғы  
кезде болып  
жатқан оқиғалар**

**төңірегінде пікір білдіруін өтініп еді.**

Иран – әлемге адамдарды бір Құдайға сенуге шақырған бірінші пайғамбар мен тұңғыш ақын Заратуштраны сыйлаған өркениеттің көне ошақтарының бірі. Иран халқының тарихы мен мәдениетінде оның салтанатты өлеңі – Гатах Авеста ілімі ерекше орын алады. Заратуштра ілімі бойынша адам өзінің бүкіл саналы ғұмырында ізгі ойлар, сөздер мен істерді жинауы тиіс, сондай-ақ, барлық адамдар тағдырына және тұтастай әлемге жауапты болуы қажет. Оның “Ізгі сөз, Ізгі ой мен Ізгі әрекет” деген танымал сөзі иран халқының көпжылдық тарихы мен мәдениетінде гуманистік идеялардың дамуында ерекше роль атқарды.

Көрнекті шығыстанушы және зороастризм ілімі жөніндегі әлемдегі ірі мамандардың бірі Мэри Бойс иудейлік, христиандық және ислам діндері өз бастауын зороастризм ілімінен және көне ирандықтардың киелі кітабы Авестадан алатындығын жазады. Зороастризм мың жылдан астам уақыт Таяу және Орта Шығыстың көп бөлігін алып жатқан үш ұлы иран империясының мемлекеттік діні болып келді.

Диоген Лаэртций (б.д. I ғ.) әлемде бірінші болып философиямен ирандықтар, дәлірек айтқанда, зороастриялық магтар айналысқандығын жазады. Ирандықтар әлемге Мони (суретші және пайғамбар – манихейліктің негізін қалаушы) және Маздак сияқты ұлы пайғамбарларды сыйлаған. Көптеген мамандар Авестаны әлемдегі бірінші кітап деп таниды.

Мен бұл жерде мың жылдан астам уақыт бойы күш пен билік иегері болып келген ирандықтардың қалайша араб бедуиндерінен оңай жеңіліп, өз дінін жоғалтқаны жайлы өңгіме етпек емеспін. Бұл жағдай Сасанидтік Иран мен ислам халифатын зерттеуші мамандарға жақсы мәлім. Осы кезең туралы ойласам, есіме бірден ұлы Фирдоусидің “Шах-номасының” тарихи тарауындағы Кадисия мекеніндегі ұрысты, осы ұрыста ирандықтардың көп адамы шығынға ұшырағанын суреттейтін тұсы, олардың әскербасы Рустам Фарухзодтың Иранның варварлар басқыншылығынан құлағанын айтып жырлаған сөздері түседі. Фирдоусидің айтар ойы: қашан да өмірде осылай болған және болады да, **мәдениеті мен өркениеті төмен халық қатыгез және аяусыз келеді, сондай-ақ, олар көбінесе жеңімпаз атанады.**

Көне мәдениет пен өркениет о бастан өз бойында “өлтірме!” деген түсінікті қамтыған. Парсы поэзиясының жұлдызы Рудаки: “Ей, адам, қылышқа ие болсаң адамдарды өлтірме, себебі, Құдай зұлымдықты ешуақытта ұмытпайды... “Иса жолда өліп жатқан адамды көріп, бармағын тістеп, “О, бақытсыз! Сені өлтірерліктей, сен кімді өлтіріп едің? Сені өлтірген адамды енді кім өлтірер екен?!” деген екен” дейді. Ұлы парсы-тәжік ақынының (IX ғ.) осы философиялық-поэтикалық пікірі “Өзіңе азаттық пен бақыт тілесең, өзгелерге де соны тілеуің керек” деген түсінік негізгі өмірлік принципі болған шын мәнісіндегі өркениетті елдердің бақыты мен соруы болып келген ғой.

Иран дәстүрінде қашан да білімге ерекше мән берілген. Білім барлық нәрсенің шыңы болып саналады. Осы тұста қалайша “Тал бесіктен жер бесікке дейін білім ізде” деген парсы мақалын еске алмасқа. Ирандықтар VII ғасырда ислам дінін қабылдай отырып, өз дәстүрі, салты мен өдет-ғұрпындағы бар жақсы қасиеттерді сақтап қала алды. Исламның Иранда алғаш үстемдік құрған “екі ғасырлық үнсіздік” атанған кезеңінде ирандықтар өз тілінде мүлде жазбады деуге болады, жеңімпаз халықтың тілі жаңа идеологиямен бірге басымдылық танытты. Бірақ соған қарамастан ирандықтардың ислам ғылымы мен мәдениетінде ролі айырықша. Осы жерде ислам әлеміндегі алғашқы ұлылар, көпшілік улемдер ирандықтар ортасынан шыққандығын еске ала кету орынды. Ислам ой-танымының гүлденген дәуіріндегі көптеген философия, ғылым және поэзия өкілдері де иран дәстүрі негізінен тәлім алғандар болатын. Иран әлемдік мәдениетке ұлы ақындар мен ойшылдар – Авиценна, Фирдоуси, Абурайхан Бируни, Омар Хайям, Саади, Хафиз, Мовлоно Джалоладдин Балхи және тағы басқа көптеген Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің танымал өкілдерін өкелді. Ислам мәдениетін зерттеуші маман, француз Ганри Карбен ислам әлеміндегі алдыңғы қатарлы ойлар мен идеялар дамуын Иранның сіңірген еңбегінсіз елестету мүмкін емес екенін айтады.

**Мен бұл жайды ирандық ой мен мәдениеттің ұлылығы мен күштілігін дәріптеу үшін еске алып жатқаным жоқ, себебі, “Тау бізсіз де биік, бауырым! Ол дәлелдеуді мұқтаж етпейді!” Мен тек Иранды және ирандықтарды теріс сипатта бейнелеп, жүргендерге, зұлымдықтың о бастан-ақ иран дәстүріне жат екендігін естеріне салғым келді.**

**(Соңы 6-бетте).**

